

**Ақпарат және қоғамдық даму саласында қоғамдық кеңесті
қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы отырысының
№3 хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қ.
(*ZOOM, whatsapp*)

2022 жылғы 30 сәуір

Төрағалық етті: Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі
Пулатов Ш.А.

Қатысқандар: қоғамдық кеңесті қалыптастыру бойынша жұмыс тобының мүшелері
(Ахметов Ж.С., Ермағанбетұлы М., Еспенова М.М., Жұмашев К.Б., Махметова М.С.,
Митрофанова Е. Н., Сафарғалиев И. И.).

Қатыспаған: Бесен А. Б.

Күн тәртібі:

**1. Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы қоғамдық кеңес
құрамына үміткерлердің әңгімелесу қорытындылары бойынша бағалау
және қорытынды балдарын талқылау**

1) қоғамдық кеңестің құрамын қалыптастыру кезінде жұмыс тобының мүшелері қойған кандидаттардың жиынтық балдары назарға алынсын (*№1 қосымша*).

2. Әрбір кандидат бойынша жұмыс тобының мүшелерімен дауыс беру

1) қоғамдық кеңеске әрбір кандидат бойынша жұмыс тобы мүшелерінің ашық дауыс беру қорытындылары (жазбасы бар ZOOM бейнеконференцбайланыс арқылы) 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3. Дауыс беру қорытындыларын шығару және қоғамдық кеңес пен резервтік тізімнің құрамын бекіту

1) қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің 27-тармағына сәйкес Қоғамдық кеңестің құрамына ең көп дауыс жинаған 29 кандидат сайлансын (*№2 қосымша*);

2) бірдей дауыс санын жинаған кандидаттарға қатысты қоғамдық Кеңес туралы Үлгілік ереженің 30-тармағына сәйкес Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін кандидаттарды бағалаудың жиынтық балдары ескерілсін;

3) Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің 31-тармағына сәйкес Қоғамдық кеңеске бір кандидаттың өкілдігін бекітсін;

4) Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің 34-тармағына сәйкес кемінде 3 дауыс жинаған және қоғамдық кеңестің құрамына кірмеген кандидаттар қатарынан 8 адамнан тұратын Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімін қалыптастыру (*№3 қосымша*);

5) Еспенова М.М. жұмыс тобы мүшесінің ұсынысы назарға алынсын және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне бір ұйымнан бірнеше кандидаттардың қоғамдық кеңестерге конкурстарға қатысу

мүмкіндігіне қатысты тиісті нормативтік құқықтық актілердегі тәсілдерді қайта қарау ұсынылсын;

б) жекелеген кандидаттар бойынша қайта дауыс беруді өткізу мәселесі бойынша whatsapp тобындағы чаттың дауыс беру қорытындыларын қабылдансын:

қолдаймын – 1 (М.М.Еспенова);

қарсы – 5 (Ш.А.Пулатов, Ж.С. Ахметов, М.Ермаганбетұлы, К.Б.Жумашев, И.И.Сафарғалиев);

қалыс қалды – 2 (М.С.Махметова, Е.Н.Митрофанова) члена рабочей группы.

7) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне (келісім бойынша):

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында конкурс қорытындыларын орналастыруды қамтамасыз ету;

- құжаттарды тапсырған барлық кандидаттарды конкурс қорытындылары туралы хабардар ету.

Жұмыс тобы жетекшісі



Ш.А. Пулатов